



Abstract. The institutional environment of entrepreneurship, the characteristic features inherent in the interaction of individuals, firms and government bodies in the framework of the formation of the institutional environment of entrepreneurship are investigated. The importance of regulatory-legal acts and measures aimed at increasing entrepreneurial activity has been justified. The main directions of improvement of legal framework, creation of the institution of guaranteed prices and formation of integrated structures in the AIC have been determined. The vectors of development of the system of institutions of entrepreneurship in agricultural sphere, the efficient entrepreneurial activity, taking into account the volume of transaction costs to assess the institutions of public support for the economy have been analyzed. The socio-economic structure of entrepreneurship in agricultural sector is presented. The contradictions of the institutional system of agricultural sector are shown. The author notes that the objectives of agri business are to stabilize and increase the efficiency of agro-industrial production, to bring together the level of incomes of agricultural workers and industry.

Түйінді сөздер: аграрлық сектор, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, интеграцияланған құрылымдар, трансакциялық шығындар, мемлекеттік реттеу, институционалдық қайта құрулар.

Ключевые слова: аграрный сектор, предпринимательство, сельскохозяйственные предприятия, интегрированные структуры, трансакционные издержки, государственное регулирование, институциональные преобразования.

Keywords: agricultural sector, entrepreneurship, agricultural enterprises, integrated structures, transaction costs, government regulation, institutional transformations.

Кіріспе. Заманауи қоғамның түрленуі әлеуметтік-экономикалық жүйенің барлық деңгейін қамтуда және қазақстандық экономиканың жаңаша сападағы жүйесінің қалыптасуы құрылымдық өзгерістермен тікелей байланысты болып отыр. Құрылымдық түрлендірулердің беталысын қоғамның институционалдық ортасы мен экономиканың қызмет етуінің жаңа шарттарымен өзгешеленетін қарама-қайшылықтар жүйесі арқылы сипаттауға болады. Экономикалық қайта құру барысында негізгі мәселе ретінде институционалдық түрлендіру меншік институттарының қызмет ету мәнін өзгерту мен меншік құқығын тиімді қорғауға, мемлекеттік басқарудың түрлі сатыларындағы әлеуметтік-экономикалық саясатты дайындау және жүзеге асыру ережелерін жасауға, жер нарығының инфрақұрылымын түрлендіруге бағытталуы қажет. Бұл өз кезегінде нарықтық ортада тиімді қызмет ететін субъектілердің және әлеуметтік қорғау институттарының пайда болуының алғы шарты болмақ.

Институттар аграрлық нарықтағы экономикалық субъектілер арасындағы қатынастарды бірыңғайлау қызметін атқару, олардың қызметі мен іс-әрекетін реттеу үшін әлеуметтік нормалар, құндылықтар, нұсқамалар және оларды орындамау бойынша санкцияларды қамтиды [1, 33 б.]. Әр түрлі институттардың ұйымдық-құқықтық және әлеуметтік-құқықтық құраушыларының арақатынасы ерекшеленеді, бірақ,

олар әрбір институтқа объективті түрде тән. Теориялық тұрғыдан кәсіпкерлікті дербес зерттеу объектісі ретінде институционалдық талдауға болады, бұл ауыл шаруашылығындағы функционалдық бағытына байланысты шартталынған, бір жағынан, қызмет көрсету объектісі (АӨК-нің I сферасы үшін), екінші жағынан, шикізат базасының қажетті өңдеу шарты (АӨК-нің II сферасы үшін) болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Агроөндірістік кәсіпкерлікті талдауда кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі бірінші кезекте формальды және формальды емес институттардың дамуына байланысты анықтау керектігін көрсетеді. Институционализмнің «вевлендік» ескі атауымен ұқсастығы адастыруға әкелмеуі тиіс, себебі әдіснама аясындағы жаңа институционалдық теорияның неоклассикалық тұжырымдамамен ортақ түбірлері бар.

Неоинституционалдар әдіснамасы өз мүшелерінен тыс қауым болмайды деп есептейді. Осындай тәсіл микроэкономикалық талдауды тереңдетуге және экономикалық ұйым ішіндегі қалыптасып жатқан қатынастарды қарастыруға мүмкіндік береді және субъектілердің шектеулі ұтымдылығы туралы қарастырады [2, 47-51 бб.].

Заманауи экономикалық ғылым институционалдық өзгерістерді заңды және жеке тұлғалардың мінез-құлық ережелерін қалыптастыратын жаңаларын құру немесе бар институттарды жаңартуға бағытталған эко-



құлқына көбінесе, мысалы, демонстративті престижді тұтыну, қызғанышты салыстыру мотивтері, біреуге ұқсау инстинкті, әлеуметтік статус заңы және басқа да туа біткен, әрі жүре қалыптасқан бейімділіктер әсер етеді. Ғалым статикалық әдіске әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды, олардың дамуы үстінде қарастыратын эволюциялық ұстанымды қарсы қояды. Ол шынайы нақтылыққа, нақты деректерге ба- са назар аударады .

Веблен концепциясы бойынша, индустрия тек қызмет етуші кәсіпкерлерді ғана емес, сонымен қатар инженер-техникалық персоналды, менеджерлерді, қарапайым жұмысшыларды қамтиды. Бұл топтардың барлығы өндірісті жетілдіруге мүдделі, сондықтан олар прогресс жасаушылар болып табылады. Ал, бизнес өкілдері керісінше, пайдаға көбірек бағдарланған, яғни өндіріс оларды көп ойландырмайды. Сонымен қатар, Т.Веблен институттарды өзара байланысты құбылыс деп түсіндірген. Бір жағынан, институттар «адамдардың өмір сүрудегі әдеттегідей үйреншікті ойлау қабілеті» немесе «өзгермелі жағдайлар нәтижесінде жасалатын ынталандыруларға жауап қайтарудың үйреншікті тәсілдері» [4, 111-114 бб.]. Басқаша айтқанда, кез келген институттың мәні – халықтың басым бөлігі сіңірген құндылықтар жүйесі, әлеуметтік нормалар және мінез-құлықтың тұрақты жиынтығы, дүниені қабылдаудың нұсқауы мен сызбасы. Екінші жағынан, Т.Веблен институттарды іріктеу және бейімделу үдерісі барысында пайда болатын «қоғамдық қатынастардың айрықша жүйесін құрайтын қоғамның ерекше әдісі» деп анықтады. Оның ойынша, «әлеуметтік эволюция адамдардың бірлесіп өмір сүру әсерінен ойлау қабілетінің бейімделуі және саралау үдерісі. Ойлау қабілетінің бейімделуі – институттардың дамуын білдіреді» [5, 794-798 бб.].

Қазіргі неoinституционализмде институтты адам инстинктерінің бірі ретінде қарастырады. Олардың бірі ретінде қарастырылатын формалды және бейресми ереже, механизмдер, қағидалар, нормалар мен тәртіптердің тұрақты кешені деп түсіндіреді. Аграрлық саладағы кәсіпкерлік аясында институттар ауыл шаруашылығы өндірістік ресурстарын орналастыру және пайдалануда жеке немесе ұжымдық таңдау жасау шарттарын анықтау үшін қажет. Осыған орай, кез келген ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігінің экономикалық институты ұйымдық-құқықтық қана емес, әлеуметтік-психологиялық құраушыларымен де сипатталады.

Неоклассиктер адамды көбіне, қолда бар ресурстарды пайдаланудан алынатын жалпы тиімділікті барынша арттыру мақсатында қандай да болмасын игіліктің пайдалылығын тез арада анықтаушы идеалды есептегіш құрылғы ретінде көрсетеді. Бірақ, Веблен бойынша, адамдардың экономикалық мінез-құлқы анағұрлым күрделі, әдетте иррационалды сипатта. Адамның мінез-

кез келген айырбас белгілі бір шығындарды талап етеді. Аталмыш шығындар «нақты экономикалық жағдайлардағы айырбас операцияларына қатысатын нарықтық қатынастар субъектілерінің меншік құқықтарын иелену және иеліктен шығару» ретінде сипатталады [7, 39-42 бб.]. Мұндай ұстаным агроөндірістік ортадағы кәсіпкерлікті ұйымдық-экономикалық жүйе, сондай-ақ ең аз өндірістік және трансакциялық шығындармен ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру, оны өңдеу, тұтынушыға жеткізу есебінен құрылатын ұйымдық-құқықтық қатынастар жүйесі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Атап өтетін жайт, заманауи экономикалық әдебиеттерде агроөндірістік кәсіпкерлік шаруашылық субъектісі қызметінің мемлекет, фирма, шаруашылық және адам үшін қажетті аграрлық сипаттағы өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын шаруашылық субъектісі қызметінің дербес бастамасы деп анықталады.

Меншік – кез келген өндірістің алғышарты және оның нысаналы бағыты ретінде, ал айырбастың тиімділігі кез келген кәсіпкерліктің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін бағалаудың өлшемдері ролін атқарады. Агроөндірістік кәсіпкерлікті қалыптастыру негізі аграрлық сала өнімінің тұтынушыға жеткенге дейінгі қозғалыс сатыларының өндірістік бірлігі болып табылады. Кәсіпкерлікті анықтаудың өндірістік негізінен айырбас қатынастары артықшылығын бекітуге дейін оның құрамы коммерциялық және делдалдық іс-әрекетті кіргізеді. Егер категориялық түрде агроөнеркәсіптік сферадағы кәсіпкерлікті, иеленудің айқындалған типі жүйенің нәтижесі ретінде көрініс беретін меншік формасы деп анықтасақ, онда, тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығында мемлекеттік меншік тиімсіз болып табылады. Осыны ескерсек, көптүрлі формадағы жеке меншік нарықтық экономика типіндегі елдердің кәсіпкерлік қызметінің алғышарты болып көрінеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу өндіріс иелерінің ұйымдастыруымен іске асырылмайды, оны жалгерлер немесе менеджерлер жүзеге асырады. Агроөндірістік кәсіпкерлік үшін иелену қатынастары азық-түлікті және ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруді, бөлуді, айырбас пен тұтынуды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін алғышарт ретінде мәні бар [8, 21-23 бб.]. Кәсіпкерлік нарықтық экономикадағы маңызды өндіріс факторы болып табылады, оны агроөндірістік сферада ұйымдастыру мен мамандануын тереңдету үшін инвестициялар бағытына алып келетін сауда және өндіріс са-

ласына капитал тартуды қамтамасыз ететін меншік формасын пайдалануды білдіреді.

Кәсіпкерлік қызмет ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тиімді әрекетімен, яғни өндірушілер мен тұтынушылардың ұсынысы мен сұранысының тепе-теңдігіне жету мақсатындағы жалпы шығындарды азайту кезіндегі аграрлық сферадағы өнімдерді өндіру, өңдеу, сатудың органикалық байланысымен сипатталады. Яғни, агроөндірістік кәсіпкерлік – өндіріс құралдарының меншік иелері, серіктестер, ұжымдық кәсіпорын арасындағы аз трансакциялық шығынмен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және тұтынушыға жеткізу жөніндегі ұйымдық-экономикалық қатынастар жүйесін көрсетеді.

Аграрлық саладағы кәсіпкерлік оның айырбас қатысына байланысты конструктивті көзқарас екенін білеміз, бірақ ол тұтастай құрамдас элементтерінің жеке өлшемдерін бейнелейді, яғни зерттелетін категорияның маңызды белгілерін ескермейді, тек өндіріс қатынастарын жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын көрсетеді. Қызықтырып отырған мәселе айырбас қатынастары арасында болғандықтан, оның ішкі мәнін ұғыну кезінде оның қызмет етуінің түпкі себебінен қараған дұрыс. Тек агроөндірістік кәсіпкерлік қана нақты өндіріс негізінде шаруашылық жүргізудің нарықтық формасына өзгереді.

Ауыл шаруашылығы тауарлары ұсыныс көлеміне байланысты агроөндірістік сферада кәсіпкерлікті «реттелетін» және «өзін-өзі реттейтін» деп бөлуіне орай зерттеушілер тұрғысынан келіспеушілікті атап өтуге болады. Егер бұл көзқарасты жалпы қабылданған деп санасақ, онда ұйымдық-үлестік меншік формасы немесе шаруа қожалығы кәсіпорындарының өндіріс көлемін ұлғайту кезінде олардың өнімі тұтынушылық сұраныстағы өзгерістерді есепке алмай сатылуы мүмкін. Тіптен, тәжірибеде, аграрлық сфера және аталмыш шаруашылық жүргізуші субъектілер ұсынысты келісімшарт институтын жүзеге асыру арқылы қалыптастырады.

Интеграциялық процестердің күрделенуі оларды жүйелі тиімділікті арттыратын факторларды жүзеге асыру үшін ашық болып табылатын технологиялық және экономикалық тұйық тұтастыққа айналдырады [9, 28-36 бб.]. Соңғы уақытта шикізат өндіру және оны уақытында сапалы өңдеу арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ететін формальды және формальды емес институттар қалыптасты.

Агроөндірістік кәсіпкерліктің ұйымдық-экономикалық қатынастары серіктестердің келісімшарттық міндеттемелерді сақтауға негізделген және ерікті түрде құрылады. Тараптар келісімнің орындалуының қажеттілігіне көңіл аудармайтын болса, олар заңды күшін жоғалтады және бұзылады. Яғни, бұл жерде кәсіпкерліктің өзін-өзі реттеуі туралы айту орынсыз. «Өзін өзі реттеу» термині аграрлық сферадағы өнімдер ұсынысының көлеміне байланысты өзгеретін сұраныс деңгейінің ауытқуларында жатқан нарық сәтсіздіктерін ескермейді. Сондықтан, бірқатар экономистер айтып жүрген нарықтың өзін-өзі реттеу қағидасы оның нақты қызмет етуінің шынайы қағидаларына мүлде сәйкес келмейді. Бағалар ауытқуын шектеп отыратын, өндіруші мен тұтынушыны бағалардың деструктивті ауытқуынан қорғайтын сыртқы реттеуші күш қажет. Сондықтан, біздің ойымызша азық-түлік нарығында реттеуші ролді мемлекет атқаруы тиіс.

Тұжырымдар. 1. Қорыта айтқанда қазіргі экономикалық ғылым көзқарасы тұрғысынан институционалдық ортаның өзгерістері экономиканы реформалаудың негізі екені белгілі. Сондай-ақ, экономикалық қызмет субъектілерінің қарым-қатынасының схемалары мен алгоритмдерін қалыптастыратын жаңа институттар құрылады немесе бар институттар жаңартылады. Осылайша, аграрлық саладағы кәсіпкерліктің экономиканың институционализациясы проблемасы өзекті болып табылады.

2. Экономикалық институттар шаруашылық жүргізуші субъектілерді қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, олар айқын түрде (баға, жоспар арқылы) және айқын емес (шаруашылық этика нормалары) түрінде түседі. Алынған ақпарат рационалды шаруашылық мінез-құлығының қажетті негізін көрсетеді. Өндірушілер тұтынушыларға қанша және қандай тауарлар мен қызметтерді ұсына алатынын, қанша өндіріс факторлары (шикізат, капитал, жұмыс күші) бар, өндірістің техникасы мен технологиясы саласындағы заманауи ғылыми жетістіктер қандай, шығарылып жатқан тауар бойынша сыртқы нарықтағы жағдай қандай екенін білуі тиіс. Сонымен қатар, тұтынушыларға тауардың сапасы мен ерекшелігі, бағасы, сатып алу шарттары туралы толық ақпарат керек. Мемлекеттік басқару органдары жеке аймақтардағы және салалардағы халық шаруашылығының жағдайы мен болашағы туралы білуі қажет.

3. Институционалдық ортаның трансформациялық табиғи нұсқасы табиғи,

өндірістік, саяси, мәдени т.б. факторлар ықпалындағы институттар эволюциясы болып табылады. Онымен қатар, бұрынғы институттарды жою немесе оларды қайта құру императивті әдістерді қолданбай да жүргізіледі, яғни институттар «жоғарыдан» емес, «төменнен» енгізіледі. Директивті түрде құрылған әлдебір ұйым, тек әлеуметтік ортаның бір бөлігі болғанда институтқа айналуы мүмкін. Сонымен қатар, ол атқарушы органның бағыныштылық сатысындағы функцияларын орындайтын ұйымдық құрылым емес, өз қызметінің нәтижесінде жасалған жағдайлар мен ресурстар арқасында автономды болуы шарт [10, 55-58 бб.]. Осылайша, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін институционализациялау - бар институттардың жаңа құрылымдарын қалыптастыру немесе модернизациялау мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінің тиімсіз, әрі ескірген ережелері мен нормаларын алып тастау немесе жаңалау процесін көрсетеді.

4. Шаруашылықты тиімді жүргізу жағынан кәсіпкерліктің сипаттамасы оның институционалдық талдауына негізделеді. Аталмыш форма дербес дамитын нарықтық қатынастар жүйесінде өмір сүретіндіктен, ол өзіндік даму ерекшелігімен сипатталады. Алайда, нарықтық экономика жағдайларында ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру мемлекет тарапынан институционалдық әсері кезіндегі бірегей технологиялық цикл шеңберінде тұрақты қайталанатын жаңартуларда іске асады. Көрсетілген әсер арқылы және экономикалық субъектілер арасындағы функционалдық байланыстар негізінде агроөндірістік кәсіпкерліктің салалық және функционалдық құрылымы қалыптасады.

5. Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігінің институционалдық құрылымында, яғни оның институттарының белгілі бір жинақталған тобында келесі негізгі элементтерді бөліп көрсетуге болады: жеке меншік институты, аграрлық нарық және мемлекеттік реттеу. Жеке меншік объектілері ретінде өндіріс құралдары роль атқарады. Бірақ, бұл игіліктер тұтыну заттары өндірісі үшін қолдану мүмкіндігінде бағалы болып табылады. Индивидке жататын өндіріс факторларына меншік құқықтарын біріктіру немесе бөлшектеу туралы шешім қабылдау тауарлардан түсетін пайдаға байланысты. Бұл шешімдерге тауар нарықтарындағы бағалар тікелей ықпал етеді. Нәтижесінде, тауар нарығындағы бағаның қалыптасуы және трансакциялық шығындардың деңгейі, жеке меншіктің жүзеге асуы немесе

<https://pandia.ru/text/78/442/53631.php> (дата обращения: 3.10.2018).

7 Шиктыбаев Т. Транзакции и транзакционные издержки в предпринимательстве // Юрист.-2012.-№1.- С. 39-42.

9 Бельгибаева А.С. Қазақстан Республикасы аграрлық саласындағы интеграциялық процестердің даму үрдістері // Проблемы аг-
рорынка.- 2016.-№2.- С.28-36.

10 Лагутик А.А. Правовые предпосылки и институциональная среда интенсификации хозяйственной деятельности предприятий АПК [Электронный ресурс].-2014.-URL:[https:// allrefrs.ru / 3-14181.html](https://allrefrs.ru/3-14181.html) (дата обращения: 4.10.2018).

7. Қорыта айтқанда, институционализм тұрғысынан экономикалық жүйені талдауды экономикадағы трансакцияларды бөліп көрсетуден бастау керектігі анықталды. Трансакция теориясының негізінде ресурстардың сиректік жағдайында экономикалық субъектілердің оларды пайдалану бойынша қақтығыстары жатыр. Осындай шиеленістер трансакция жасау арқылы шешіледі. Ал бұл түсініктің бір жүйеге келтірілмеген және әзірге бізмәнді анықтамалары жоқ.

1 Afonina V.E., Goldina A.A. Institucional'-nye aspekty v razvitiі regional'nogo APK. – Odincovo: ANOO VPO OGI, 2013. - 112 s.

2 Kolodina O.Ju. Formirovanie institucional'nyh osnov predprinimatel'stva v Rossii // Vestnik TGU.- 2013.- №5 (121).- S.47-51.

3 Tuleshova G.B. Aulı sharuashylyryn tyrakty damytudary AӨK kәsiporyndarynyn jekonomikalyq roli zhәne oґan әser etushi faktorlar // Respublikalyq ґylimi-tәzhiribelik konferenciya materialdary «Zhaңa әlemdegi zhastar zhәne ґylım». -Taldykorgan, 2015.- B. 74.

4. Nurmanova B.Z., Tuleshova G.B., Daulieva G.R., Ahmetova Z.B. Jekonomikalық ilimder tarihy: оқу қыралы.-Almaty: Қазак universiteti, 2016.- B.111-114.

5. Gricenko G.M., Luk'janov A.N. Institucional'naja sreda razvitija regional'nogo APK: teoreticheskij aspekt // Fundamental'nye issledovanija. - 2014. - № 12-4. - S. 794-798.

6 Sovershenstvovanie institutov razvitiya kak neobhodimoe uslovie formirovaniya institucional'noj sredy APK innovacionnogo tipa [Jelektronnyj resurs].-2016.- URL: <https://pandia.ru/text/78/442/53631.php> (data obrashheniya: 3.10.2018).

7 Shiktybaev T. Transakcii i transakcionnye izderzhki v predprinimatel'stve // Jurist.-2012.-№1.- S. 39-42.

8 Kaliev G.A. Aktual'nye problemy razvitiya APK Kazahstana.-Almaty: KazNII jekonomiki APK i razvitiia sel'skih territorii. 2013.-S. 21-23.

9 Bel'gibaeva A.S. Қазақстан Республикасы аграрлық саласындағы интеграциялық процестердің даму үрдістері // Problemy agrorynka.- 2016.-№2.- S.28-36.

10 Lagutik A.A. Pravovye predposylki i institucional'naja sreda intensivizatsii hozjajstvennoj dejatel'nosti predpriyatij APK [Elektronnyj resurs]. - 2014. - URL: <https://allrefrs.ru/3-14181.html> (data obrashheniya: 4.10.2018).

1 Афонина В.Е., Голдина А.А. Институциональные аспекты в развитии регионального АПК. – Одинцово: АНОО ВПО ОГИ, 2013. - 112 с.

2 Колодина О.Ю. Формирование институциональных основ предпринимательства в России//Вестник ТГУ.- 2013.- №5(121).- С.47-51.

3 Тулешова Г.Б. Ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудағы АӨК кәсіпорындарының экономикалық ролі және оған әсер етуші факторлар//Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «Жаңа әлемдегі жастар және ғылым». -Талдықорған, 2015.-Б. 74.

4 Нурманова Б.З., Тулешова Г.Б., Даулиева Г.Р., Ахметова З.Б. Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2016.- Б.111-114.

5 Гриценко Г.М., Лукьянов А.Н. Институциональная среда развития регионального АПК: теоретический аспект // Фундаментальные исследования. - 2014. - №12-4. - С.794-798.

6 Совершенствование институтов развития как необходимое условие формирования институциональной среды АПК инновационного типа [Электронный ресурс].-2016.-:URL: